

**Тақырыбы:** Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармашылығы

**Дәріс мазмұны:**

1. М.Ж.Көпеевтің өмір жолы
2. М.Ж.Көпеевтің шығармашылығы
3. М.Ж.Көпеевтің шығармаларының ерекшеліктері

**Дәріс мақсаты:** Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің өмір жолымен және шығармашылығымен таныстыру.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев әкесі Көпейдің 42 жасында, шешесі Ұлбаланың 18 жасында, Баянауылдың Қызылтау деген жерде, қыс түнінде, қыстауда, 1858 жылында, қазақша жыл аты «қой», арабша ай аты «ережеп» деген айда, жұма күні, түс бесін уақытында дүниеге келді. Туғанда азан шақырып қойылған есімі - Адам Жүсіп. Кейіннен 9 жасында қисса - дастандарды айтып, ел көзіне түскен кезде жиынды шақырып отырған М. Шорманұлы Адам Жүсіпті ұнатып, тақиясына үкі таққызып: «Өз заманында халқына Мәшһүр болатын бала екен», - деп, лепес қылуымен Мәшһүр Жүсіп атанып кетеді.

1858 жылы қыста Көпей Сермұхаммедұлы керуеншілікте жинаған табысына мал алып, Қызылжардан көшіп келіп, Қызылтауға қоныс тебеді. 1861ж. Адам Жүсіп 3 жасқа толғанда, әкесі Көпейдің малы жұтқа ұшырап, «ақ сирақ» болып шығады. Сонда Көпей Сермұхаммедұлы: «Адамға мал жолдас болмас, ғылым жолдас», - деп, ұлы Адам Жүсіпті оқуға беріп, ол Баянауыл медресесінде Қамар (Хамариддин) хазіреттен білім алып, оқуын жалғастырып, 1872-1874 ж. Бұһарадағы «Көкілташ» медресесінде ортағасырлық араб, парсы, шағатай тілдерін еркін меңгереді. Еліне оралған соң екі жылдай (1833-1835жж.) өз ауылында балаларды оқытып табыс табады. Тұрмысы түзелген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1887, 1885, 1907 ж. үш мәрте Түркістан, Ташкент, Бұхара, Самарқанд қалаларына сапар шегіп, шығыстың мұсылмандық білімін молайтады.

Орта Азия қалаларына шеккен сапарларының тағы бір құнды нәтижесі - сол өңірлердегі тарихи әңгіме, аңыз, шежіре сөздерінің жазылып алынуы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзі дерек жинастыру қызметін ерте кезден бастаған. Ә.Х. Марғұлан хаты бойынша, «Ер Олжабай батыр» жырын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 7 жасар бала кезінде 1865 ж. Сақау ақыннан айтыунан жазып алған. Бұған ұстазы Қамар хазіреттен қисса - дастандары қағаз бетіне көшіріп түсіруі де әсер еткен. 1887 ж. Бұхар сапарының барар жолында Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи, Ташкенттегі Зеңгі Ата кесенелерін көріп, қайтар жолында Шу мен Сырдария, Ұлытау, Кішітауды, Есіл мен Нұраны асықпай аралап сапар шегеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы патша манифесінің арқасында үш бірдей кітабын ( «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамаша-мыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі?» ) 1907 жылы жарық бетке шығарып үлгерді.

Ғалым бұл мезгілде саяси-қоғамдық өмірмен байланысын үзіп, ақындықпен қош айтысып, «Қазақ түбі» үлгілерін (шамамен ХХ ғ. 20 жылдары) құрастырып жинақтай бастайды. Саяси күрестің шиеленіскен жағдайда, 1921 ж. ортаншы баласы Әмен Ташкентте қаза болып, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы көтерілісші қазақ жастарының тобына кездесіп, солардың ескертуінен соң, Ташкентке бармай орта жолда қайтып оралуға мәжбүр болады.

1931 жылы Мәшһүр Жүсіптің қайтыс болғаны туралы хабар ел арасына жетеді.